

# ДАРЫНДЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ

Білімнің дамуы – бүгінгі адамзат өркениетінің өлшемі, қоғам дамуының басты көрсеткіші. Ал біз үшін білім – тәуелсіз мемлекет ретінде дамуымыздың, Ел Президенті межелеген дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылудың басты алғышарты. Сондықтан білім алушылар үшін білім алу және оны ел қажетіне қарай жүзеге асыру – зор абырой мен үлкен жауапкершілікті жүктейтін міндет.

**К**үн сайын жаңарып отырған ақпараттар ағынының толассыздығы жағдайында инновациялық толқындар күші адам мен қоғамның өмір салты мен ырғағын лезде өзгертетіні жаңалық болудан қалды. Жыл сайын оқушылардың ғылыми шығармашылық мүмкіндіктерін қалыптастыру, ғылымға деген қызығушылықтарын дамыту мақсатында дарынды балалардың шығармашылық әлеуетін көтеру нәтижесінде жаңа серпілістер байқалып отыр.

**Еліміз Тәуелсіздік алған 25 жылдың ішінде дарынды балаларымыз облыс мәртебесін халықаралық деңгейде асқақтатып, әлемнің бірнеше елінде көк байрағымызды желбіретті.**

Оған дәлел, жылдан-жылға мектеп оқушылары арасындағы халықаралық, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауларының жеңімпаздарының қатарының көбеюі.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Бізге керегі – шын дарындар. Нарық қол-аяғымызды қалай қыспасын мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, тарланбоз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті» деп көрсеткендей дарынды балалардың терең білім алуына жағдай жасау, оларға қолайлы орта қалыптастыру мәселелері басты назарда ұсталуда. Осы бағытта дарынды оқушылармен жұмыс жасайтын мектептер желісі дамып, бүгінгі



күні дарынды балаларға арналған 7 облыстық мамандандырылған мектеп – 4 лицей, 1 гимназия, 1 мектеп-интернат, 1 өнер академиясы және қалалық мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-гимназия жұмыс жасайды. Бұл мектептерде жалпы саны 2309 оқушы білім алады. Биыл ғана ашылған дарынды қыз балаларға арналған лицейдің алғашқы қадамы табысты болып бірінші жарты жылдық қортындысы бойынша еліміздегі 34 қазақ-түрік лицейлері арасындағы рейтингте 1-орынға ие болды.

**Дарынды оқушыларды қолдау, дарыны мен қабілетін дамыту мақсатында облыста 10 жыл қатарынан Ресей Федерациясы Новосибирск Мемлекеттік университетінің жазғы физика-математика мектебінің жұмысы ұйымдастырылып келеді.**

Биылғы жылы аталған жазғы мектепте 150 оқушы білім алып, олардың Ресей ғалымдарының жетекшілігімен тың тақырыптағы ғылыми-зерттеу жұмыстары жарық көрді.

2016 жылдың қорытындысында 41 оқушы халықаралық олимпиада

мен жарыстар жеңімпазы, 31 оқушы республикалық жарыстардың жүлдегері атанса, биыл 2017 жылдың өзінде 11 оқушы халықаралық олимпиадалар мен байқаулардан, 17 оқушы республикалық олимпиада және 27 оқушы республикалық ғылыми жобалар конкурсы жүлдегерлері қатарынан көрінді.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие беру, оқушының қалыптасқан даралығын анықтап, жігер-қайратын ескеріп, ұлттық мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу, олардың интеллектуалды дамуына жол ашу, ғылыми-танымдық қызығушылығын қолдау мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар жалғасын таба бермек.

**Нурсәуле САЙЛАУОВА,**  
Атырау облысы Білім беру басқармасының басшысы

## АННОТАЦИЯ

Руководитель областного управления образования Нурсәуле Сайлауова – о работе, проводимой в рамках средней школы с одаренными детьми.